



XFTAP 16.01.13

Д. Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: dikhan.kamzabek@enu.kz)

### Смағұл Садуақасұлының әңгімелері: көркемдік және тарихилық қағидаттардың ықпалдастығы

**Аңдатпа.** ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы көркем прозада «Салмақбай – Сағындық», «Күлпәш», «Күміс қоңырау» повестерімен, «Сәрсенбек» романымен аты мен заты қалған Смағұл Садуақасұлының «Өртең», «Салмақбай, Махамбет», «Антономия» сынды әңгімелері әрі көркемдік, әрі тарихилық сипатымен ерекшеленеді.

Алаш әдебиеті кезеңіне жататын осы көркем шығармалардың авторы – жай жазушы ғана емес, парасаты толысқан, жастай саясат ісінде шыңдалған қайраткер. Тұлғалар қолына шабыттан гөрі агартушылық мақсат қалам алдыртады. Айталық, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның саясат жұмысы барысында білікті көсемсөзші, сындарлы әдебиеттанушы болуының себебі сол. Бұл қасиет Смағұл Садуақасұлында да болды. Аса күрделі кезеңдегі ұлт жастарының арманы, зиялылар арасындағы елдік және төңкерістік мәселелерге байланысты көзқарастар, большевизм кезіндегі халықтың табиғи мүддесі, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер – қаламгердің негізгі нысанасы. Отаршылдық – әділетсіздік, аярылық, зорлық-зомбылық арқасында ғұмырын ұзартқан тамыры терең, кесепат құбылыс. Әлемдегі талай халықтарға трагедия алып келген осы басқыншылық (Алаш лексиконында «жуан жұдырық») Қазақ елін адам айтқысыз қиындыққа душар етіп, теңдік пен еркіндік аясындағы дамуын тежеді. Әділеттікке деген ұмтылыс жастай сезімі мен санасында қайнаған Смағұл ұлтына азаттық тимеген екі қоғамды жаман жағын да, қайсыбір жақсы жағын да парықтап, ақылымен ұғып өсті. Әлем және орыс әдебиеті, ұлт фольклоры дәстүрінен бастау алатын ХХ ғасырдың бас ширегіндегі қазақ әдебиетінің өкілі ретінде Смағұл Садуақасұлы көркемдік және тарихилық қағидаттарға иек артып және сол екеуінің ықпалдастығы арнасында жазушылық шеберліктің бел-белестерін игерді.

Мақалада С.Садуақасұлының әдебиет тарихынан сырт қалып келген әңгіме жанрындағы ізденістері мен табыстары қарастырылып, талданады.

**Түйін сөздер:** Алаш әдебиеті, елдік мұрат, көркемдік және тарихилық қағидаттар, бейнелер жүйесі, отаршылдық, көсемсөздік сарын, оқырман танымы, көзқарас тартысы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-86-96>

## Кіріспе

Қазіргі Ресейдің танымал ғалымы А.С.Колесниковтің пікірінше, «Әлемнің шынайы бейнесі – ол мейлі көркем, философиялық, мистикалық, діни болсын – кәдімгі өмірге табан тірейді. Олай болмаған жағдайда әлемдік болмыс пен құрылымды терістеу жүреді» /1, 12/.

XX ғасыр басындағы дүние жүзі мен қазақ әлемінің болмыс-бітімі, даму үдерісінен хабар берген қайраткер С.Садуақасұлы 1923 жылы жариялаған бір мақаласында мынандай тұжырым жасайды: «Қазір «мен әлсізбін» деп ешнәрседен таюға жарамайды. Әлсіздің әлді болуы, әлдінің әлсіз болуы осы заманда қиын емес. Жігер керек, қайрат керек. Күрескеннің аты - күрескен. Жыламаған балаға ешкім емшек бермейді. Күншығыстың ұсақ ұлттары бірлесіп отырып бостандыққа жетеді. Бостандық ақ білектің күшімен, көк найзаның ұшымен келеді» /2/.

Қаламгердің «Аптономия» /3/ әңгімесі 1922 жылы баспа жүзін көрген. Бұл Алаш автономиясының объективті себеппен тарих сахнасынан кетіп, соның негізінде құрылған Қазақ автономиясының қаз-қаз тұрғанына 2 жыл толған кез еді.

Бұл шығарма туралы алғашқы бағаны Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы «Әдебиет таңытқыш» еңбегінде берді. Әдебиет білгірі оның жанрын «ұсақ әңгіме» деп айқындаған /4, 283/.

Әңгіме 20-жылдардағы қоғамдық-саяси шындықты арқау еткен. Шет жұрттың ойранын сан мәрте басынан кешіріп, Ресейдегі төңкеріс жылдары азаттық ала алмай дал болған қазақ үшін 1920 жылы 26 тамызда Ресей Федерациясы Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Қазақстанға автономия мәртебесін беруі – үлкен жаңалық еді. Қазақ зиялылары автономияға үлкен үміт артты. 1920 жылы 4-12 қазан аралығында өткен Қазақ автономиялы республикасы Кеңестерінің бірінші құрылтайы мінберінен қайраткер С. Садуақасұлы: «Біз, жастар, автономияға үлкен мағына беріп қараймыз. Халықты тәрбиелеп, ел ететін, бейнетқорларға біріктіретін ұйым

ғана деп қараймыз. ...Жастар келесі өмірге бастарын байлап кірісті. Үлкен ағалардың да сол жолда адастырмай түзу тартуларына сенемін», – деп, /5/ тарихи оқиғаның жуан ортасында жүргенін мәлім етті.

Әйгілі әдебиеттанушы-ғалым Ю.М. Лотман: «Мәдениеттегі қызмет тұрғысынан келгенде, сол мәдениет шеңберінде эстетикалық функцияны жүзеге асыратын барша сөз мәтіні – көркем әдебиет. Бірақ біз мәтін туған кездегі оның эстетикалық функциясы мен мәтінді зерттеудегі эстетикалық функциясыны айыра қарасақ, бәрі өз орынына келеді», - деп жазғаны белгілі /6, 207/.

Міне, осы тұста жазушы С.Садуақасұлының көркемдік және тарихилық қағидаттарды қатар ұстап, өз тұсының оқырманын танымдық-ағартушылық аяда серпілтіп, көркемөнер қызметі арнасына толық сәйкесетін әдеби жолды ұстануы - «Аптономия» әңгімесінің мән-маңызын арттырды.

Әңгіме оқуда жүрген шәкірт Жарқынбектің әкесі Боранбайдан хат алуынан басталады. Осы хатта баяндалған жайттардан шығарма желісі өрбиді. Боранбайдың хаты – алда дамитын оқиға үшін логикалық дәлел (мотивировка). Онда ауылдың бар хал-ахуалы тәптіштеліп айтылып, соңына қарай: «Кешке ауылға «істүкір» деген төре келді. Алды тым қатал көрінген соң, қай елдікі екенін сұрай алмадық. Сақал жоқ, мұрт жоқ, өздеріндей жап-жас жігіт. Бұл істүктірдің айтқан сөзі: «Қазақ халқына аптономия шықты, сол туралы насихат айта жүремін» дейді. Қалада жиылыс болады, соған болыс басы бір адам керек деген соң, елдегі ақсақалдардың реті келмей, көп сені ұйғарды» делінеді.

Елдің жай-жапсарына қаныққан Жарқынбек ойланып-толғанады. Алдағы істеріне бағдар жасайды. Съезді, онда өзін қалай ұстайтынын армандайды. Кешікпей күткен съезі де ашылады. Бірақ ол Жарқынбектің ойлағанындай болып шықпайды. Орыс өкілдері бірінен соң бірі шығып қазақты жамандайды. Бұған шыдай алмаған Жарқынбек жиылыс төрағасынан рұқсат алып, әлгілер қате, жалған сөйлегенін айтады. Осы жолы ол өмірінде алғаш рет халқының қамын жеп,

әділетсіздікке ашық қарсы тұрады. Съезге келген алты қазақтың бірлі-жарым тоғышарлары Жарқынбекке өз сөздерін сөйлетпек болғанда, ол мұны да жаратпай, шындыққа жүгінеді. «Содан кейін Жарқынбек орыстарға «ұлтшыл», қазақтарға «балшеуек» атанатын болды». Ол енді губернелік атқару комитетінің мүшесі боп, партия қатарына өтеді. «Жаздыгүні халықтың мал-жайын білуге елге шығады». Бұл уақыт осы елдің Қазақстанға қосылатын кезі. Жарқынбек бұл сапарында халыққа автономия туралы насихат айтады. Елдің бүкіл жайына қанық болады. Әкесінің хатында айтылған халықты әуре-сарсаңға салған оқиғалар жер-жерде боп жатқанына көзі жетеді.

Әңгіме соңында ел автономияның не екенін түсінеді. «Қазағың мына біз боламыз. Осы болыстың жүзден тоқсан тоғызы мендей шығар» дейтін кедей Жақыпбек шал автономияға жалғыз байталын қосып отырып, жамағаттың алдында Оспан байға: «Сен жүз жылқыңды беремісің?» – дейді. «Оспан төмен қарап, күлімсіреп үндемеді».

Сөйтіп, автономияны халық қолдайтыны мәлім болып, шығарма аяқталады. «Аптономия» әңгімесінің қысқаша мазмұны осындай. Енді бұл туындының 20-жылдардағы ұлт әдебиетіндегі ерекшелігін тұжырымдайық.

Біріншіден, «Аптономия» – уақыт пен кеңістік табын дәл, шынайы суреттеген көркем шығарма. Онда жалаң тап ұраны, оқиғаларды әсірелеу атымен жоқ. Тарихилық қағидаты айқын көрінеді.

Екіншіден, әңгіме бас қаһарман мен суреттеліп отырған жайттың қарым-қатынасын шебер жеткізе алған. Көркемдік қағидатын ұстанған жазушы сезімді де, ой иірімін де, көңіл ауанын да сәтті кестелеген.

Үшіншіден, оқиға желісін толықтыратын бейнелер (съезд, онда сөйлеген орыс өкілдері, тоғышар қазақтар, ауыл, ауылдағы жиылыс, жиылыста сөйлеген қазақтар) сәтті шыққан. Психологиялық факторлар – ішкі қажеттілік, интенция, ниет, ықылас, ынта, құлшыныс, құштарлық бірте-бірте көрініп, шығарманың эмоциялық-пластикалық әлемін құрайды.

Төртіншіден, шығармада көркемдік және тарихилық қағидаттар ықпалдасып, дәуір мен ұлт тағдыры туралы түсінік, толғам, бейнелі ассоциация көрініс тапқан.

### Зерттеу әдістері

Мақалада әдебиеттанудың мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи, тарихи-генетикалық әдістері пайдаланылды. Осы арқылы С.Садуақасұлы дәуірі, әдебиет пен тарих, мәдениет пен қоғамдық құбылыстар, халық санасы мен тұлға парасаты т.б. құбылыстар зерделенді. Саралау, бағалау, талдау әдістері қолданылды. «Аптономия» сюжеті композициялық бітімінің жанр талабына қатысы тұрғысынан да байыпталды. Шығармадағы экспозиция (сюжеттің басталуы) – ауылдан жазылған хаттың келуі. Ал, сюжет байланысы, дамуы, шарықтауы – съезд, ондағы Жарқынбектің қанын қыздырған оқиға, оның ұлт қамынан гөрі өз қамын көп жейтін қазақ өкілдерімен айтысы; шешімі – ауылдағы жиылыста халықтың автономияны қолдауы. Яғни, Жарқынбек «қазақ ел емес» деген отаршыл ұлт өкілінің сөзінің негізі жоқ екенін дәлелдеп, момын елдің «хақын жеген» қандастарының бетінен от шығарып (атпай-соқпай, ұялтып), жалпы халықтың автономияға назарын бұрғыздырды. Әңгімедегі идея (мұрат) мен бейнелер жүйесі арнайы сөз етуге тұрарлық.

Төңкерістен кейінгі кезең қыруар зәрулікті туындатты. Алаш зиялыларының қазақтың тәуелсіздігі жөнінде Ленинмен жүргізген келіссөзі нәтижесіз қалды. Осы шақта Алаш Орда шарқ ұрып ізденді. Бірақ тарихтың дөңгелегін кері айналдыру мүмкін емес еді.

Жоғарыда айтқандай, автономия қазаққа 1920 жылы берілді. Бұл – аты бар да, заты жоқ автономия болатын. Гректің «өзі заң шығарады» деген тіркесінен туған осы ұғым кеңес өкіметі тұсында қатты бұрмаланды.

С. Садуақасұлы аталған әңгімесінде сол ұғымды тура мағынасында халыққа жеткізуді көздеген. Мұны ол «Аптономияның» бас қаһарманы Жарқынбектің аузымен былайша түсіндіреді: «Аптономияның мағынасы – отау деген сөз. Орыстың кіндік хукіметі – үлкен үй,

орда секілді. Біз – одан енші алған отауымыз. Отау үй ішінің аспаптары, қонағасы үлкен үйден бөлек болады. Сол секілді біздің ішкі жұмыстарымыздың билігі өзімізде».

Салыстырмалы-тарихи әдіс тұрғысынан қарағанда, «Өртең», «Салмақбай, Махамбет», «Аптономия» әңгімелерінің мазмұндық және логикалық бірлігі айқын көрінеді.

### Талқылау

«Аптономия» әңгімесінің негізгі идеясы – елдік мұрат. Шығармадағы бейнелер жүйесі осы идеяны ашуға қызмет етеді. Сондай-ақ бояуы қанық осы бейнелер жүйесі арқылы оқушы сол кездегі қазақ қоғамында болған бүтін тарихи шындық болмысын бажайлайды.

Ауылдың хал-ахуалы Боранбай, Оспан, Жақыпбек сынды жанама қаһармандардың бейнесі арқылы ашылады. Боранбайдың баласына жазған хатының өзі көп мән-жайды аңғартады. Хаттағы әрбір деталь, хабарланған оқиға – типтік дәрежеге көтерілген. Ғалым М. Хасенов: «Әдетте көркем шығармада қоғамдық мәселелер адам характеріне байланыссыз жалаң баяндалған жағдайда типтік характер ашылмай қалады», – деп орынды айтады /7, 144/. Мәселен, Боранбайдың хатында баяндалатын Мұқаметжан деген жігіт сүйген қызын алып қашқанда, оны «30 кісі, қасында 8 орысы бар» қуғыншы келіп тартып әкеткендігі, Әндірейдің қазаққа жасап отырған зорлығы сол кезеңнің содырларының бет-пердесін анық көрсетеді. Боранбай да, Оспан да, Жақыпбек те – әлсіз жандар. Бұлар сол шақтағы жалпы қазақ бейнесін көзге елестетеді. Бай деген Оспанның өзі: «Мына жиылған көптің сізден сұрайтыны, мырза, бізге анық хұрият берілген болса, біздің ауылымызға орыс мілітса жіберілмесе екен дейді», – деп Жақыпбекке тіл қатады.

Бай бейнесін сомдағанда, жазушы Смағұл біржақтылыққа бармайды. Олардың бір парасымен съезден кейін сөзге келісе алмаған Жақыпбектің байларға айтқан орынды уәжі «заман еңбек еткендікі, кісінің ақысын жемегендікі» дегенге саяды. Міне сол себепті де

жазушы кедей Жақыпбектің сөзімен Оспанды ұялтады.

Әңгімедегі тосын бейне – отаршылдар бейнесі. Отаршылдардың пиғыл-әрекеті съезд үстінде көрінеді. Осылардың көпе-көрнеу қазаққа жала жауып, әділетсіз сөз сөйлеуі бойында қаны бар Жақыпбектің намысын қамшылады. Бір емес, қатарынан үш шешеннің қазақты «надан», «тағы», «білімсіз», «айтқанға түсінбейтін» қылып қоюы, бұларды терістеп Жақыпбек сөйлегенде, «кеңес басы бұзық дауыспен: «Ұлтшыл сөздерді айтуға болмайды!» деуі олардың түр-тұрпатын, болмысын бағамдатады.

«Аптономия» әңгімесінде негізгі оқиға Жақыпбектің іс-әрекетінен өрбитіндіктен, бұл бейнеде сол танымның бәрі тұнып тұр. Жазушы кейіпкерді әсірелемейді. Нағыз өмірдегі қалыппен көрсетеді. Оның әкесінен хат алғаннан кейінгі көңіл-күйі, съездегі азаматтығы, ел арасындағы үгіт жұмысы табиғи жағдайда көрінеді. Елге барғанда, халық ескі әдетпен оған төрені күткендей сый-сияпат көрсетпек болғанда, Жақыпбектің оны ұнатпай, ішінен «әлі қазаққа көпті білу керек-ау» деп ойлауы – қазақ арасынан орнықты қайраткерлердің шыға бастағанын дәлелдейді.

Жазушы Жақыпбек тұлғасын көздеген идеясын қалың қауымға жеткізуге көмектесер бейне ретінде алған. Бұдан 20-жылдары үлкен саясатқа көтерілген қайраткерлер тұрпаты аңғарылады.

### Нәтижелер

«Аптономия» әңгімесі – заман шындығын қаз-қалпында жеткізген көркем туынды. Автордың көркемдік қағидаты – барды бар күйінде суреттеу. Саяси сапырылыстарға қарамай дамуға бет түзеген қазақтың жаңа прозасы С. Садуақасұлы толқынына әлі де болса шеберлікті шыңдауды талап етті.

С. Садуақасұлы мұрасының ішінде «Аптономиямен» сабақтас «Өртең» аталатын /8/ лирикалық әңгімесі де оқырманды бейжай қалдырмайды. Онда сюжет, немесе оқиға желісі жоқ. Әңгімеге жазушының елі, отаны туралы тебіренісі, кіндік қаны тамған жерімен, қаси-

етті де қадірлі елімен іштей сырласуы, мұнда-суы айна қатесіз түскен.

Кез-келген әдебиет туындысының өмірге келу тарихы бар. Біздіңше, «Өртең» әңгімесінің тууы «Өртең» газетінің жарық көруімен, жаңа заманға еріксіз тап болған алаш зиялыларының тынысы – «Жас азамат» мүшелерінің соны қауымдастық идеясы төңірегіне топтасуымен байланысты. Мұны таратыңқырай айтсақ, мәселе былай: Қазақстанда кеңес билігі мейлінше толық орнаған 1920 жылдан кейін елді басқару аппаратына белсенді жастар тартыла бастады. Жап-жас жігіттер тапсырылған істі жауапкершілікпен атқарды. Жастыққа тән жалынды мінезімен билік жүйесіндегі қасаңдыққа өзгерістер де енгізіп жүрді. Олар жаңа заманның кісіге жағымды ұраны – «әлеуметтік теңдікті» өздерінше түсінді. Яғни, теңдік мәселесінде жалпы қазақтың шөміштен қағылып қалмауын ойлады. Ұлт мүддесінен төңкеріс мүддесін жоғары қойғандарға ашық қарсы тұра алмаса да, істерімен, іштерінен олармен оппозицияда жүрді. Смағұл Садуақасұлының 1922 жылы Мәскеуде іссапарда жүріп, 22 шілде Әбдірахман Бәйділдаұлына (Смағұл алғаш Әбдірахманмен пікірлес болған. «Өртең» газетін де бірігіп шығарған. Бірақ соңынан Әбдірахман саяси тұғырнамасын өзгертіп, Смағұлды тұрғыдан айыптағандар жағына шыққан) жазған хатындағы: «Меніңше, болашақтағы біздің әдісіміз мынандай болуы тиіс: біз билікті алу үшін күреспейміз, бәрін де өз қолымызға аламыз деген ұранды да бірінші кезекке қоймаймыз. Өйткені оны қойсақ, бәрібір дәл бүгін бізге жол бермейді. Сондықтан басты қуатымызды келешектегі жастарды тәрбиелеуге, оларды алдағы істерге даярлауға, күш жинауға жұмсағанымыз жөн», – деген пікірі /9/ сөзімізді растайды. Смағұл сынды саналы жастарды лауазымды ағаларының мансапқа бой ұрып, ел мүддесіне немқұрайлы қарауы қатты түңілтті. Жоғарыдағы хатында ол осы мәселе төңірегіндегі: «Егер жүректерінде тырнақтай таза ет болса, олар ертең-ақ отаршылдарға қарсы тұрады. Ал, оны жасамаса, өзінің 5 күндік өмірі үшін халқының қанын сатуды жалғастыра беретін болса, онда олардың кім екенін қазақ халқы анық көріп, айырып алын», – дейді ашынып /9/.

Бұл түңілу олардың басында күрмеуі көп саясатқа тығырықтан жол табар білгір саясатшы болып келу үшін Еуропа қалаларында оқу идеясын туындатты. 1922 жылы 19 тамызда Смағұл Садуақасұлы, Әбдіріхман Бәйділдаұлы, Ерғали Алдоңғарұлы ҚКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы мен Халық ағарту комиссары атына қазақтың 30 жас азаматын шет елге оқуға жіберуін өтініп, арнайы хат жолдады. Мұны оқу-ағарту комиссариаты мақұлдағанымен, Киробком қолдамады /10/.

Ендігі амал – газет шығару еді. Бұл мәселе Қырғыз (Қазақ – Д. Қ.) облыстық жастар комитеті мәжілісінде 1922 жылы қазан айында қаралып, қараша айының басындағы ЖК пленумында қабылданды /11/.

«Өртең» газеті өмірге осылай келді. Аталған басылымның ресми мақсаты – жастарды жаңа өмірге тарту болса, шынайы мақсаты – санадағы шірік қауды өртеп, өртең шығару еді. Бұл – 1909 жылғы «Оян, қазақтың» (М. Дулатұлы) жаңаша жаңғырығы болатын.

«Өртең» газеті жабылғанымен, өртең идеясы өлмеді. Мұны оның «Алқа» бағдарламасында (1924-1925), ұлтжанды санаткерлер, әдебиетшілер еңбегінде (1922-1929) көрініс беруі дәлелдесе керек.

«Өртең» лирикалық әңгіме болғанымен, онда көсемсөздік сарын да бар. Мұны жанрлардың айшықтану, бөліну кезеңі үдерісімен емес, заманның қалпымен түсіндіруге болады. Бұл ретте орыс ғалымы Э. Шубиннің: «Жазылған әңгіменің түрі мен жанрлық ерекшелігі әрбір жекелеген жағдайларда жазушының еркіне, көркемдік шешімге байланысты және олар суреттеу құралдарымен анықталады. Бірақ әдеби процестің қай кезеңінде болсын уақыттың таңбасы тек жанр мазмұнына ғана емес, оның түріне де түседі», – деген пікірі /12, 62/ орынды айтылған. Яғни, қазақ жағдайында айтқанда, 20-жылдар аумалы-төкпелі уақыт болатын. Сондықтан бұл шақта заманға сай көсемсөз құнтталынды, оқылды. «Өртең» әңгімесіндегі көсемсөздік сарын шығарма жүйесіне нұсқан келтіріп тұрған жоқ, қайта оған өрлік рух үстеп тұр.

Смағұлдың бұл туындысында сюжет болмағанымен, қазақтың кешесін, бүгінін, ертеңін

ой таразысымен бағамдаған, ұлттың ұтқаны мен ұтылғанын, озық қасиеті мен мінездегі кемшілігін табиғат бейнелерімен астастырып, көркемдікпен көмкерген ерекше мазмұн бар. Лириканың мәні туралы академик З. Қабдолов: «Қандай суреткер болсын, көркем шығарма жазудағы мақсат – адамды көрсетіп қана тыну емес, адам арқылы қоғамды, мүмкіндігінше өмірдегі өзекті, шындықты көрсету. Осы тұрғыдан алып қарасақ, лириканың өзге тектерге принциптік қайшылығы жоқ, олардан тек тәсіл жағынан айырмасы», – деп жазды /13, 326/.

Әңгіме басындағы «жазылып созылған жапан сары дала», «қараңғы түнде қалқыған, маужырап ұйқыға кеткен сеңгір таулар» пейзаждан гөрі ұлттың бейнесіне келіңкірейді. Осы бейне әңгіменің соңына дейін қырланып, толықтырылып, көркем суреттеліп отырылады.

Автор ұлтының халіне жүрегі сыздап, сан мәрте қинаған басындағы батпан ойды, ақтарып, оған дәрмен берер күш іздейді.

«Күндер өтіп барады. Жылдар өтіп барады. Заман жүріп келеді. Қараңдап қазақ әлі жүр. Қарайып киіз үй әлі тұр... Ау, қазақтың баласы!... Еңбегің осы ма? Қараңдап неге жүре бересің?» – деген жолдар жанайқайға толы жазушы сезімінің, ұлт қалпына күйіне қараған көңіл-күйінің қандай дәрежеде екенін айғақтаса керек.

Халқының отаршылдар езгісінде мүжіліп жүре беруі, барды қадірлемеуі, жоққа ұмтылмауы, кесапаттан арылмауы, шапағаттан үркіуі, тәуекелдікке бармауы, бірлік, ынтымақ төңірегіне топтаспауы – жазушы бойында сонау V-VIII ғасырлардағы бітік тастардағы жәдігерліктерден бастап, XV ғасыр данасы Асанқайғыны, XIX ғасыр мен XX ғасыр түйісінде ғұмыр кешкен ойшыл Абайды толғандырған елдік мәселесі жөніндегі намыс сезімін қозғайды.

«Жайылып созылған сары даланы неге көркейтпейсің? Ұйпаланған шірік қауды неге жұлып тастамайсың? Бүйірін қысып, қалтасындағы көп қазнаны, мол байлықты неге алмайсың? Алтын, күміс әлде керегі жоқ па? Мөддір суды неге жөндеп ішпейсің? Қалың нуды неге реттеп кеспейсің? Үнемі қымыз бола

ма? Киіз үй мәңгі тұра ма?» – дейді термелеп жазушы. Бұл – оның халқына қарата айтқан базынасы. Мұны әңгіме қалпетіне қарап монолог десек, бұл ұғым оған тарлық етеді. Шынында сырт қарағанда жазушы өзімен өзі сырласып, жоғарыдағы қорытындыға келгендей көрінетіні де рас. Алайда, керек десеңіз бұл – диалог.

Жазушы мына көкейкесті сұрақтарымен көпті ұлт мәселесіндегі зәруліктерді бірлесе шешуге шақырғандай. Жұрттан жауап күткендей. «Сен не дейсің?» дегендей. Ал, өзінің жауабы: «Ескі, битті күпінді шешіп тастап, сілкінсеңші! Темір күректі қолға алып, ақ білекті сыбансаңшы!». Мұнысы – еңбек ет, жігерлен, намыстан дегені. Осы жағынан ол М.Дулатұлының «Оян, қазағының» өн бойындағы: «...Отырма бір орында құр мұңайып/...Тамшыдан тама берсе болар дария/ Кетпей ме ақырында бір молайып!» /14/, Жүсіпбек Аймауытұлының «Ұран» өлеңіндегі: «Намыстан, қайраттан, қатарға ен! Басқадан кем болған сенің нең?!» /15/ үндес. Бұл үшеуіне отты көсемсөз сарыны ортақ. Үшеуі де отаршылдыққа өре түрегелген «ұлтшылдық дәуірде» жазылғанымен, оның үш кезеңінде – бірі алғаш оянған кезеңінде (1905-1909), екіншісі зиялылар соңынан халық ере бастаған кезеңде (1917-1918), үшіншісі саяси сапырылыстар елді жаппай еріксіз оятқан кезеңде (1920-1922) жазылғанымен ерекшеленеді.

Жазушы осы кезеңдерді көркем бейнемен былайша өреді: «Күні кеше қаптаған қара бұлт еді. Жел соқты. Дауыл болды. Жердің жүзі ақтарылып, төңкерілді. Сатыр-күгір етті. Бытыр-бытыр етті. Сұлаған сары дала оянбады. Қимылдай түсіп, қайта жатты. Күндер өтті, айлар өтті... Зор дауылдың екпіні ерікке ешкімді қоймады. Ыңыранып сары дала да ояңды. Оянысымен орнынан ұшып түрегелді. Қараса, жан-жақтың бәрі өрт екен».

Суреткер қолданысындағы дауыл – отаршыл империяны шайқалтқан ішкі күштердің серпілісі, өрт – төңкеріс. Бейнелеп отырған жайт пен табиғаттың ара-қатынасын, ұқсастығын жазушы аса шебер жеткізген. Төңкеріс қатыгездігі, тұрпайлылығы – «тілсіз жа-

умен» бір есеп: «Өрт шалмаған жер қалмады. Бұрынғының бәрі күйді. Бәрі жанып кетті. Ішіндегі биттерімен ескі күпі де кетті. Қарайып тұрған жыртық киіз үй де кетті...».

Жазушы «ескі күпі» мен «жыртық киіз үйдің» өртенгеніне емес, бәрінің өртенгеніне налып отыр. Ескі-құсқы өртсіз де жойылады. Ал, қажет нәрселердің өртенгені қалай болмақ? Оларды қалпына келтіру үшін талай уақыт керек пе? Бірақ қолдан келер амал бар ма? Болар іс болды, бояуы сіңді. Бұған еріксіз көнесің. Әйтсе де енді қол қусырып отырған жараспайды. Әлгі өртте «ұйпаланған қаудан шөп лапылдап жанды» ғой. Шірік қаудың өртенгені жақсы. Оның орнына өртең шығады. Бұл – ұлттың өлмегені деген сөз. Тағы талпыну керек. Ез болып езілмеу қажет. «Жел басылды. Жадырап жаздың күні шықты. Ұйпаланған қаудан шөптің орнына желкілдеген өртең өсті. Көкпеңбек, жұп-жұмсақ, тап-таза, пәк, кіршіксіз жас өртең! Қалай сары дала енді көгермес екен?.. Қалай қазақ оянбас екен!» – дейді жазушы елшіл жастарға үміт пен сенім артып. Суреткердің өртеңді көргені – ертеңге сенгені. Өртең – оның оптимистік көзқарасы.

«Өртең» әңгімесі – жалаң науқандық үгіт әңгіме емес, шынайы қазақ қалпын суреттеген, күрескен күнде – ертеңнің баянды болатынын ұқтырған үміт әңгіме. Сондықтан бұл шығарманың қуаты ұлтты серпілтуге, елдік төңірегіне ұйыстыруға, ой-санаға қозғау салуға, парасат-пайымның көзін ашуға жұмсалған.

Смағұл Садуақасұлының «Салмақбай, Махамбет» атты әңгімесі 1922 жылы жарық көрген /16/.

Жып-жинақы, шағын әңгімеде төңкерістен кейінгі қазақ оқығандары, олардың екі айырылған қарама-қарсы көзқарастары сөз болады. Бір сөзбен айтқанда, жазушы бұл шығармасында ұлт интеллигенциясының көкейкесті мәселесін арқау еткен.

Қазақ оқығандары туралы бірегей туындылар жазған білімдар жазушы Мұхтар Әуезов: «Өзіңмен замандас, қанаттас қатарыңды жазу, солардың және ішкі мәдениет өрісіне қарай үңіле, сезіміне бойлап жазу бар. Өте орынды, өте асыл іздену», – дейді /17/. М. Әуезов айтқан «орынды, асыл ізденуді» қазақ әдебиетінде С.

Садуақасұлы алғашқылардың бірі болып жасады (Мұхтардың «Оқыған азамат» әңгімесі де 1922 жылы жазылған /18/).

Әңгіме кейіпкері – екі-ақ жан. Олар – Салмақбай мен Махамбет. Уақыт – қым-қуыт төңкерістен кейінгі кез. Кеңістік – оқығандардың басын қосқан саяси сапырылыстарға толы қала. Әңгімеде атыс та, шабыс та жоқ. Бірақ тартыс бар. Ол – көзқарас, дүниетаным арасындағы тартыс. Тартыс жай көр-жер туралы емес, руханияттың қасиетті мәселесі – ұлт тағдыры хақында.

«Әңгіме – әдебиеттің ең қиын жанрының бірі. Ол шағын көлемде үлкен міндеттерді шешеді. Адамды суреттеуде, олардың ойын, сезімін күрес жолында көрсетуде үлкен жанр мен әңгіменің арасында айырма жоқ», – деп жазады академик С. Қирабаев /19, 246/. Бұл пікірдің ақиқатын шағын көлемді, алайда кезеңі үшін аса зәру, қомақты мәселелерді көтерген С.Садуақасұлының «Салмақбай, Махамбет» әңгімесі толық дәлелдейді.

Аталған әңгіменің ішкі құрылымы қандай? Бұл ретте академик Р.Бердібайдың: «Қаһарманның тұлғасына, дүниетанымына сәйкес сюжет, композиция, тартыс сыпаты өзгере бермек», – деген пікірін /20, 124/ бағдар етуге болады. Әңгіме негізінен диалогқа құрылған. Бірақ бірден екеуара сөйлесу басталып кетпейді. Сюжет экспозициясы намаздыгер шақта екі оқыған жігіттің қолтықтасып келе жатқанынан басталады. Ал сюжеттік байланыс Махамбеттің Салмақбайға сұрақ қойғанынан кейін өріледі. Салмақбайдың «уһ» деген уһілеуінен басталған негізгі желі лирикалық шегіністерде, диалогтарда толығып, Махамбеттің «жер жүзінің төңкерісі үшін қазақты құрбандыққа берер едім» деген жауабы тұсында шарықтау шегіне жетіп, Салмақбайдың ұлт туралы сындарлы пікірінен сюжет шешімін тапса да, әңгіме екі жастың уһілеуімен аяқталады.

Қазақ қоғамының ағымын жазушы әңгіме-леуіндегі эпикалық тәсіл – кейіпкерлердің тығырыққа тірелген халі арқылы көрсетеді.

Салмақбай мен Махамбет – сан жүздеген қатарластары секілді ауылда өсіп, «асық ойнаған», «бұзау баққан», молдадан сабақ алған,

талпынып орысша оқыған, есейіп саяси іске араласқан, «енді міне, үлкен азамат болып, ел билейтін халге жеткен» азаматтар. Тіпті қазіргі киген бөрігі де, ішігі де, етігі де бірдей. Бірақ түйсіктері, танымдары, ұстын-мұраттары әр басқа.

«Задында, тіпті мүддесі жоқ адам болмайды. Адам болған соң оның көңілі бір нәрсені тілемей тұрмайды. Көңілі тілеуіне қарай бір нәрсені істемей тағы да тұрмайды. Көңілінің тілеуі де, ол тілеуінің жолындағы ғамалы да адамына қарай әр түрлі болады», – деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы /4, 280/. Осы пікір тұрғысынан қарасақ, Салмақбай мен Махамбет бейнесі ашыла түседі. Төңкеріске дейін екеуі де ұлтшыл бағытта болған. Ал, енді «Еуропаны кезген коммунизм елесі» Ресейге қонақтап, сол ел арқылы қазақ жеріне жеткенде, Салмақбай: «Егерде алдымызда дүниенің жұмағы болса, сол жұмаққа қазақ та барсын, неміс те барсын. Әуелі мен барайын, сен тұра тұр деген сөзге мен қарсымын», – деген пікірді ұстанса, Махамбет: «Жер жүзіне жұмыскерлер қожа болуы тиіс. Бар күшті жұмыскерлерді сақтауға, соны адам қылуға жұмсау керек. Қазақта жұмыскер жоқ. Сондықтан қазақ екінші, үшінші, реті келсе төртінші пыланда тұру керек», – деген пайымды өзіне темірқазық қылған.

Әңгімелесе келе, Салмақбай Махамбетке: «Сен ол кезде нағыз ұлтшыл едің-ау?!» дегенде, оның өткен іске өкінгендей кейіппен: «Иә, ол кезде мен ұлтшыл едім. Жастықтың мастығы ғой!» – деуі, сөз жоқ, кешегі отаршылықтың қылышынан қан тамып тұрған кезде пайда болған ұлтшылдықтың тек-тамырын дұрыс бағамдамаудан туындап отыр. Бірақ Махамбет әлгі сөзінің артынша ұлтшылдықтың қалай дүниеге келгенін үстірт айтса да, оның болмысынан «егер сол кезде билікті қолына алған кім болсын, соның – мейлі коммунист, мейлі кадет – сойылын соғар едім» деген көзқарас анық аңғарылады.

Сындарлы ойлы Салмақбай – қазақ ұлтшылдығының табиғи нәрсе екенін, бұл қасиет ұлттың өзін-өзі қорғау мақсатында пайда болатынын, қазақ оқығандары ұлтшылдық бағыт ұстағанда, біреудің үстінен күн көрем

деп емес, халқын түгел аман сақтап, елдікке ұйыстыруды көздейтінін, мұндай жайт тарихта жиі ұшырасатынын жақсы түсінген зиялылар санатындағы жан. Айталық, Махамбет «біздің ұлтшылдығымыздың белгісі мыналар еді» деп, оқығандар қазақ елі Жапониядай болсын, фабрик-зауыттар, университеттер көбейсін деген секілді арман-тілектерін санамағанда, ол бұл мақсаттарда ешқандай әсіре ұлтшылдық жоқ екенін жүйелі түрде түсіндіреді. Ал, Махамбеттің Салмақбайға айтар уәжі: «Қазақ Жапониядай болсын дегеннің аты не? Ол Жапония секілді капитализм негізінде құрылған патшалық болса, бізде капиталистер, байлар болады. Байлар болса, олар совет хукіметінің заңына қарсы болады. Совет хукіметіне қарсы болса, оны ұлтшыл деп айтады». Міне, бұл – даму заңын, тіршілік түзілісін тұрпайы түсіну. Жазушы Смағұл тарихилық қағидатымен осындай түсініктің тек-тамырына барлау жасаған. Қазақта Махамбет сынды оқығандар бірен-саран еместегі, олар артына ергенді адастырып отырғаны және сол сыңарезулігін мойындамай, билікті өз дегендерінше жүргізісі келетіндігі, «мұның қате» деп жөн айтып тезге салуды азаматтық іс санағандарды аяусыз жазалауды ойлайтыны – бәр-бәрі суреткердің Салмақбай боп сөйлеп, жамандықты дәлелді жауаппен әшкерлеуіне түрткі болған. «Сенің көпшілік туралы пікірің қызық-ау. Көпшіл болғанда өз ұлтыңды иттің етінен жек көр демейді. Өз ұлтыңды жақсы көрсең, басқа ұлттарды да сондай көр», – дейді Салмақбай Махамбетке. Бұл сөзде ойланатын мағына әрі кілтипан бар. Яғни «ұлттар теңдігі» социализм ілімінде жоталанып тұратын. Алайда большевиктік өкімет қабылдаған «Ұлттардың өзін-өзі билеу хұқығы туралы Декрет» жай сөз жүзінде қалды.

Бұл көркем шығармадан екі жыл өткеннен кейін С.Садуақасұлы «Ленин һәм ұлт мәселесі» атты мақала жариялайды /21/. Осы еңбегінде ол Лениннің бір кездері ұлт теңсіздігі, ұлт тәуелсіздігі жөніндегі пікірлерін ғана теріп алып, екі сөзінің бірінде «тап», «Ленин» деп, ұлт мәселесін сөз еткендерді «ұлтшыл» қып қоятын белсенділердің алдына тартуы да



жайдан-жай емес. «Салмақбай, Махамбет» әңгімесінің мәнін ашатын сөз – ең соңғы Салмақбайдың сөзі.

«Дірілдеген дауыспен Салмақбай:

– Жер жүзінің төңкерісі үшін қазақты құрбан қылу керек десе, берер ме едің? – деді.

Махамбет біраз бөгеліңкіреді де:

– Берер едім! – деді.

– Қазақ өлгенде, ет, жүн-жұрқа, майдан айырылған жұмыскер көпке бара ма? Сондықтан екеуінің де тірі болғанын тілесек болмай ма? Өзіндей адам баласын құрбан қылып жеткен бағы ешкімге қайырлы болмас! – деді Салмақбай».

Жазушы мына диалогпен оқушыға «Әне – ұлт мәселесі туралы екі көзқарас. Таласты көзқарас. Қайсынікі жөн?» дегендей. Әңгіме аяғында екі оқығанның бір-біріне жауап қаптауы, үндемей тына қалып, аздан соң бірдей үнілеуі автордың төрелікті айтуды оқушыға ұсынғанын көрсетеді.

### Қорытынды

С. Садуақасұлының «Өртең», «Салмақбай, Махамбет», «Аптономия» әңгімелерін көркемдік қағидат тұрғысынан да, тарихилық

қағидат тұрғысынан да ерекшелендіретін қасиет – оның біртұтас мазмұны, көтерген идеясы. Шығармадағы кейіпкерлер ұлт мәселесі жөнінде көзқараспен айтысады, таным-тәліммен тартысады. «Талас-тартыс – табиғаттың негізгі заңы, – дейді ұлт білімдары А. Байтұрсынұлы. – Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаған соң, талассыз, тартыссыз да адам жоқ» /4, 294/.

20-жылдары қазақ әдебиетіне алдында төңкерістен кейінгі оқығандардың екіге айырылған көзқарас-пікірін шынайы бейнелеу міндеті тұрды. С.Садуақасұлы мұны шама-шарқынша абыроймен атқарып шықты.

1926 жылы Ғаббас Тоғжанұлы «Екі жастың әңгімесі» атты еңбек жазды /22/. Жанрын – «деректі проза» деуге келеді. Диалогқа құрылған бұл шығармада коммунист пен ұлтшыл айтысады. Ғаббас бар жиған білімін, марксизмнен ілген ілімін коммунистің аузына салып, ұлтшылды жеңдіреді. Алайда бұл шындыққа жанаспайтын еді. Өйткені әсіре коммунистер Салмақбайларды біліммен емес, білекпен, қару күшімен жеңді.

XX ғасырда қазақ ақын-жазушылары үшін көркемдік мен тарихилық қағидаттардың ықпалдастығы аясында шығарма жазу – елдік мұратқа қызмет етудің жолы болып қалды.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Колесников А.С. Философия и литература: современный дискурс // Серия «Мыслители», История философии, культура и мировоззрение, Выпуск 3. Санкт-Петербург: Санкт-Петербургское философское общество, 2000. С.8-36.
2. Садуақасұлы С. Күнбатыс хәм Күншығыстың бостандық жолындағы күрестерінің тарихы // «Жас қайрат» газеті, 1923 жыл 5 наурыз, 2-28 сәуір
3. Садуақасұлы С. Аптономия // «Еңбекшіл қазақ» газеті, 1922 жыл, 10 шілде
4. Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы: Жазушы, 1989.- 318 б.
5. «Ұшқын» газеті, 1920 жыл, 7 қазан
6. Лотман Ю.М. Избранные статьи. Т. 1. – Таллинн: Александра, 1992. – 479 с.
7. Хасенов М. Ұнамды образ және типтендіру. Алматы: Ғылым, 1966.- 279 б.
8. Садуақасұлы С. Өртең // «Өртең» газеті, 1922 жыл, № 1
9. ҰҚК архиві, № 78754-іс, 7-том
10. ҚР Мемлекеттік орталық архиві. 81-қор, 1-тізім, 468-іс, 18-19-парақ.
11. ҚР Президенті архиві, 142-қор, 1-тізім, 2-іс, 91-парақ.
12. Шубин Э. Современный русский рассказ. Ленинград: Наука, 1974.- 182 с.
13. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976.- 374 б.
14. Дулатұлы М. Оян, қазақ. Уфа, 1909.
15. «Абай» журналы, 1918 жыл, № 1

16. «Өртең» газеті, 1922 жыл, № 5
17. Тахауи Ахтанға жазған хатынан // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1961, 30 маусым
18. «Шолпан» журналы, 1922 жыл, № 2-3; 1923, № 4-5
19. Қирабаев С. Өрлеу жолында. Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1960. – 290 б.
20. Бердібай Р. Дәстүр тағылымы. Алматы: Жазушы, 1973.- 232 б.
21. «Еңбекшіл қазақ» газеті, 1924 жыл, 31 қаңтар
22. Тоғжанұлы Ғ. Екі жастың әңгімесі. Қызылорда, 1926. - 69 б; Тоғжанұлы Ғ. Екі жастың әңгімесі: ұлтшыл мен коммунист (алғысөзін жазып, әзірлеген Д.Қамзабекұлы Мыңбаев) // «Өркен» газеті, 1990 жыл, 8 желтоқсан.

#### Д. Камзабекұлы

*Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

#### Рассказы Смагула Садуакасулы: интеграция художественных и исторических принципов

**Аннотация.** Рассказы «Өртең», «Салмақбай, Махамбет», «Аптономия» Смагула Садуакасулы (Садвокасов), прославленного в художественной прозе 20-ых годов XX века повестями «Салмақбай – Сағындық», «Күлпәш», «Күміс қонырау», романом «Сәрсенбек», отличаются как художественным, так и историческим своеобразием содержания. Автор этих произведений, относящихся к периоду алашской литературы, не просто писатель, а молодой, но уже интеллектуально зрелый политический деятель, взявшийся за перо не столько по вдохновению, сколько преследующий просветительские цели. Например, с просветительскими идеями тесно сопрягал свою политическую программу лидер Алаш Аликхан Букейхан, что позволило ему быть компетентным публицистом и конструктивным литературоведом. Такое качество личности было свойственно и Смагулу Садуакасулы. Мечта молодежи, взгляды интеллигенции на народные и революционные проблемы в критический исторический период, защита естественных интересов народа при большевизме, общественно-политические, социально-экономические перемены в первые десятилетия советской власти – вот основные тематические предпочтения писателя.

Глубокие корни такого жестокого явления как колониализм порождали несправедливость, подлость и насилие. Трагедия многих народов мира – колониализм осмысливается Смагулом Садуакасулы в контексте принятого в среде Алаш лексикона *juan judyruq* - «большой кулак», который вверг казахский народ в пучину страданий и бед и затормозил его развитие на пути к равенству и свободе. Смагул, чей ум и сердце смолоду стремились к справедливости, равно видел и в старом и в новом общественном устройстве несвободу, что не мешало ему глубоко вникать в отрицательные и положительные стороны обеих общественных формаций. Как представитель казахской литературы первой четверти XX века, исходящей из традиций мировой и русской литературы, народного фольклора, Смагул Садуакасулы опирался на художественные и исторические принципы и на путях взаимодействия этих двух творческих начал овладел мастерством письма. В статье рассматриваются и анализируются исследования и достижения С. Садуакасулы в жанре рассказа, оказавшиеся вне поля истории казахской литературы.

**Ключевые слова:** литература Алаш, народная идея, художественно-исторические принципы, система образов, колониализм, публицистский мотив, познание читателя, конфликт взглядов

#### D. Kamzabekuly

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

#### Smagul Saduakasuly's short stories: integration of imagery and historical principles

**Annotation.** The short stories «Orten», «Salmakbai, Makhambet», «Aptonomia» by Smagul Saduakasuly (Sadvokasov), famous in the fiction of the 20s of the twentieth century with the stories «Salmakbai – Sagyndyk», «Kulpash», «Kumis konyrau», the novel «Sarsenbek», differ in both imagery and historical nature.

The author of these works relating to the period of Alash literature is not just a writer, but a young, but already intellectually mature political figure who took up the pen not so much by inspiration as pursuing enlightening goals. For example, for this reason Alash leader Alikhan Bukeikhan became a competent publicist and a constructive literary critic in his political career. This quality was also characteristic of Smagul Saduakasuly. The dream of youth, the views of the intelligentsia on popular and revolutionary problems in a critical historical

period, the protection of the natural interests of the people under Bolshevism, socio-political, socio-economic changes - these are the primary aim of the writer.

Colonialism is a deep-rooted cruel phenomenon that has existed through injustice, meanness and violence. This perfidy, which brought tragedy to many peoples of the world (in the lexicon of Alash “juan judyryq” - thick fist), kept the Kazakh people to ineffable torment and set back the development of equality and freedom. Smagul, whose mind and heart aspired to justice from a young age, understood both societies deprived of freedom, deeply delving into their negative and some positive sides.

As a representative of Kazakh literature of the first quarter of the twentieth century, proceeding from the traditions of World and Russian literature, folklore, Smagul Saduakasuly relied on imagery and historical principles and on the ways of interaction of these two creative principles mastered the skill of writing.

The article examines and analyzes the research and achievements of S. Saduakasuly in the genre of short stories that have remained outside the history of literature.

**Keywords:** Alash literature, national idea, imagery and historical principles, image system, colonialism, publicist warble, reader’s cognition, conflict of views.

### References:

1. Kolesnikov A.S. Filosofija i literatura: sovremennyj diskurs [Philosophy and literature: modern discourse] // Series «Mysliteli», Istorija filosofii, kul'tura i mirovozzrenie, Issue 3. St. Petersburg: Sankt-Peterburgskoe filosofskoe obshhestvo, 2000. pp.8-36.
2. Saduakasuly S. Kunbatys ha'm Kunshygystyn bostandyk zholyndagy kuresterinin tarihy [History of the struggle of Kunbatys and Kunshygys for freedom] // Newspaper «Zhas kairat», March 5, April 2-28, 1923
3. Saduakasuly S. Aptonomia [Aptomonia] // Newspaper «Enbekshil kazak», July 10, 1922
4. Baitursynov A. Shygarmalary, Almaty: Zhazushy, 1989.- 318 p.
5. Newspaper «Ushkyn», October 7, 1920
6. Lotman Yu.M. Izbrannye stat'I [Selected articles]. Vol. 1. - Tallinn: Alexandra, 1992. - 479 p.
7. Khasenov M. Unamdy obraz zhane tiptendiru [Pleasing image and typification]. Almaty: Gylym, 1966.- 279 p.
8. Saduakasuly S. Orten [Zhane ]// Newspaper “Orten”, 1922, No. 1
9. NSC (KNB) archive, Case No. 78754, Volume 7
10. State Central Archive of the Republic of Kazakhstan. Fund 81, list 1, case 468, sheet 18-19.
11. Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, fund 142, list 1, case 2, sheet 91.
12. Shubin E. Sovremennyj russkij rasskaz. Leningrad: Nauka, 1974.- 182 p.
13. Kabdолоv Z. Soz oneri [Art of words]. Almaty: Mektep, 1976.- 374 p.
14. Dulatuly M. Oyan, kazak. Ufa, 1909.
15. Magazine “Abay”, 1918, No. 1
16. Newspaper «Orten», 1922, No. 5
17. Takhaui Akhtanga zhazgan khatynan [from a letter to Tahaui Akhtan] // Newspaper «Kazak adebieti», June 30, 1961
18. Magazine «Sholpan», 1922, No. 2-3; 1923, No. 4-5
19. Kirabaev S. Orleu zholynda [on the way to Ascension]. Almaty: Korkem adebiet baspasy, 1960. – 290 p.
20. Berdibay R. Dastur tagylymy [traditionalism]. Almaty: Zhazushy, 1973.- 232 p.
21. Newspaper «Enbekshil kazak», January 31, 1924
22. Togzhanuly G. Eki zhastyn angimesi [The Story of two young people]. Kyzylorda, 1926. - 69 p; Togzhanuly G. Eki zhastyn angimesi: ultshyl men communist (preface written and developed by D.Kamzabekuly Mynbaev) // Newspaper «Orken», December 8, 1990

### Автор туралы мәліметтер

*Қамзабекұлы Дихан* – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

*Kamzabekuly Dikhan* – Vice-Rector of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan, Doctor of Philological Sciences, Professor, Nur-Sultan, Kazakhstan